

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасы экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр берген мұнай өнеркәсібін өркендетуге ерен еңбек сіңірген, сол арқылы тәуелсіз Қазақстанның әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуын қамтамасыз еткен мұнайшы ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

**Н.Ә. Марабаев атындағы
«Мұнайшы» қоғамдық қоры**

Биографическая серия «Почетные ветераны казахской нефти» посвящается ветеранам-нефтяникам, которые своим трудом внесли неоценимую лепту в становление нефтегазовой отрасли – основного стержня экономики Республики Казахстан, позволившей стране влиться в ряды мировых нефтяных держав, тем самым навечно вписав свои имена в историю нашей независимой страны.

**Общественный фонд «Мұнайшы»
имени Н.А. Марабаева**

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ

Өмірбаян сериясы

Басталуы – 2006 жыл



Гүлайым Дәуітбай

АТАҒОЗЫ БОТАҒАРАЕВ

МАҢҒЫСТАУ МҰНАЙЫНЫҢ МАЗДАҒЫ



Алматы 2021

ӘОЖ 622.32

КБЖ 33.36

Д 22

Дәуітбай Г.

Д 22 **Атағозы Ботағараев. Маңғыстау мұнайының маздағы** / Гүлайым Дәуітбай. «Қазақ мұнайының ардақтылары» өмірбаян сериясы. – Алматы: Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2021. – 368 бет.

ISBN 978-9965-816-89-5

Кітапта Маңғыстау өңіріне белгілі азамат, мұнай саласының ардагері, Жетібай, Өзен, Қаламқас, Қаражанбас кен орындарында мұнай өнімділігін арттыруға қомақты үлес қосқан инженер-энергетик, Қызылордадағы Құмкөл кен орнын алғаш игерушілердің бірі Атағозы Ботағараұлы Ботағараевтың өмір жолы, ел экономикасының тірегін құрайтын мұнай-газ саласының дамуына сіңірген ерен еңбегі жайлы баяндалады.

Ардагер мұнайшы жайлы замандастарының, жұмыстың қызығы мен шыжығын бірге көрген әріптестерінің, жақындарының жазған ыстық ықыласты естеліктерін қоса қамтыған бұл жинақ көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 622.32

КБЖ 33.36

ISBN 978-9965-816-89-5

© ОФ «Мұнайшы», 2021





Аңыз

*Маңғыстау деген – киелі мая, кер үлек,
Кетпеңдер оны қақталған күнге тері деп.
Құлағын жымып сұрлана қалған даланы
Ойлаңдар үнсіз бөрі деп,
Қапы қалмаңдар өлі деп!*

Маңғыстаулық көрнекті ақын Сабыр Адай жырлағандай, «құлағын жымып сұрланған дала» Маңғыстауда ағыл-тегіл мұнай кен орындарының бірінен соң бірі ашылуы тек Маңғыстау, тек Қазақстан емес, кеңес шаңырағы астындағы барша одақтас елдердің мейірін қандырып, мейманасын тасытқан жаңалық болды. Сайын далада толассыз тірлік, қайнаған жұмыс басталды да кетті.

Маңғыстау мұнайының игерілуі өз кезеңінде күн-түн деп санаспайтын, ыстық-суық деп қарайламайтын дала төсіндегі қауырт та қарбалас нағыз еңбек майданы болды. Салада ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндерді өткізіп, шақшадай басын шырмауы көп шаруаға шүйілтіп небір өндіріс майталмандары, құрыш білегін қиырдағы қайнаған еңбекке араластырып, уысымен қара алтынды сапыра көскен саңлақ мұнайшылар, аптапты даланың апшысын қуыра, аңызак желмен жарыса жүйткіген жүргізушілер, қалақтай қолымен елінің қажетіне қызмет етіп, маң даладан ақшаңқан ғимараттар тұрғызған құрылысшылар, мың сан жұмысшының жағдайын жасап, бірі тағаммен қамтыса, енді бірі дәрігерлік көмекпен қамтамасыз еткен әлеуметтік сала мамандары – кімдер тер төгіп, кімдер жансебіл еңбек етпеді десеңізші?! Ол кезде әлі өмірге де келмеген осы жолдардың авторына бұл еңбек – ертегідей естілер ескі күндердің естелігі, алайда Маңғыстау мұнайына қатысты әңгіме-

лер – дала төсінде уақыттың өзі бедерлеген айшықты тарих, айна-қатесі жоқ айнымас ақиқат!

Маңғыстауда еңбек көрігі қызған сол шаққа куә болған Айбергенов Төлеген ақынның:

*Кезім менің!
Жатырсың жырақты ашып,
Қызыл гүлді барады қыр ап қашып.
Жиымасыншы ғасыр жүр Маңғыстауда
Мұнаралар басына шырақ тасып.
Қалайша мен, жаным-ау, тұра аламын
Жүрегімнің сыңсытпай шынар әнін?
Табанымның астында – қара дария
Тас төбемде – тайгасы мұнараның.
...Жер бетінің жақұты – мұнаралар,
Маңдайдағы бақыты – мұнаралар.
Мұнаралар жарығы сөнбесін деп
Кірпік ілмей шығады ғұламалар, –*

деп адуынды өлең жолдарын актаруы да киелі өлкедегі мұнай өндірісі әлеуетінің әсері еді.

Маңғыстаудың сары даласы енесінің жылы бауырына басын сұғып, аузына тосылған төрт жұмсақты мейірлене түртпектеген ерке төл сынды иен бойын түртпектей мұнай іздеген перзенттерін ырыс-несібеден құр қалдырған жоқ, еңбегін еш еткен жоқ. Бауыры көл-көсір Жер-Ана ақжарылқап ақтарылды, әлі ақтарылып келеді. Одақ көлемінде Маңғыстаудың мерейін көтерген мұнайдың асау бұрқағын ауыздықтау мұнайшыларға оңай тиген жоқ, бірақ еңбектің есіл ерлері бұл қиындықты да еңсерді. Қиындықпен алыса еңбек еткен ерлер сапында Маңғыстау энергетиктері де бар еді.

Әр кезеңнің қажеттіліктерін уақыт өзі дайындап, өзі реттестіріп отыратын секілді. Киелі түбекте қара алтын қоры табылысымен, өңір жастары арасында мұнайшы мамандығын, өзге де техникалық мамандықтарды игеруге ынталы жастар көбейді. Олар өздерінің мойнына жүктелер ауыр міндетті түсінді және сол сенімге лайықты қызмет атқарды. Маңғыстауда мұнайшылармен бірге «мұнаралар басына шырақ тасыған» энергетиктер шоғыры қалыптасты. Кеніш игеріліп басталғанда-ақ кен орнына асай-

мүсейлерін арқалап, алдыңғы кезекте жететіндердің бірі – энергетиктер. Жедел әрі сапалы қызметімен кен орнын электр қуатымен қамтамасыз ете алған олардың жұмысында мін болған жоқ, және соған сәйкес мұнай өндірісінде мігір болған жоқ.

Жастайынан еңбек қазанында қайнаған ерлердің бірі мұнай саласының ардагері, білікті инженер-энергетик, Қазақстан Электр Энергетикалық қауымдастығы «Еңбегі сіңген энергетик» атағының иегері Атағозы Ботағараұлы Ботағараев болатын. Мектеп бітіре салысымен жұмысқа араласып, еңбекпен есейген А. Ботағараев өмірінің соңына дейін тұғырдан түскен жоқ. 40 жылдан астам өмірін Маңғыстаудың кен орындарын және Қызылордадағы Құмкөл кен орнын игеруге, кеніштерді электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге, табиғат жағдайларына байланысты түрлі жобаларды ұйымдастыруға, саладағы маңызды мәселелерді шешуге арнады. Жасы үлкенге ізетті іні, жасы кішіге байсалды аға болды.

Атағозы – Маңғыстау өңіріндегі алдыңғы буын энергетиктерінің бірі, ол саналы ғұмырын мұнайлы өлкенің қара алтынын үздіксіз игеруге арнады, алып керуеннің көшбасында жүріп өзінен кейінгі, бүгінгі энергетиктер шоғырының қалыптасуына үлес қосты. Атекеңмен әріптес, басшысы бола жүріп ол кісінің қызметке адал, жауапкершілігі жоғары, тапсырмаға тиянақты, ұжым басқаруға қабілетті, іскер, білімді азамат екендігіне көз жеткізе түстім. Жора-жолдаспен сыйласып, тіл табысып, қандай жұмыстарды да соңына дейін жеткізіп, жоғары деңгейде аяқтай білетін жігіт еді. Аңқылдаған ақкөңіл азамат ретінде өз замандастарымен, әріптестерімен, өзі басқарған ұжым қызметкерлерімен әрдайым сыйластықта болды.

Маңғыстау мұнай өндіру және энергетика саласы тарихында Атағозы Ботағараевтың есімі ешқашан өшпейді.

Мұнай саласының еңбек майталмандарын – әріптестерін әрдайым ардақтап, ардагерлердің еңбегін ұрпаққа насихаттауды ұстаным еткен Н.Ә. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Өзен, Жетібай кен орындары игерілуінің 60 жылдығы аясында марқұм Атағозы Ботағараұлының өмірбаяндық естелік кітабын шығаруды қолға алған болатын. Бұл «бірін-бірі батыр дейтін» ерлерге тән сауапты іс.

А. Ботағараевтың ғұмырнамалық естелік кітабы, Маңғыстаудың мұнай саласы энергетикасының даму тарихы туралы құнды деректі мағлұматтар берумен қатар, А. Ботағараевпен әріптес болған замандас көзкөргендерге, ағайын-туысқа, ұл-қыздарына жақсы әсер сыйлап, азаматтың кісілік келбетін, еңбекқор тұлғасын саналарында сомдай түседі деп ойлаймын.

Сағын Қырымқұлов,
ардагер мұнайшы-геолог,
Қазақстанның еңбек сіңірген мұнайшысы,
ҚР жер қойнауының Құрметті барлаушысы,
«Парасат» және «Құрмет» ордендерінің иегері

Долгийден басталған жол

Қазақ даласының қай қиырына құлақ түріп, қай пұшпағына назар аударсаң да, әрбір тау мен тас, төмpek пен сай ескі естеліктің куәсі екендігіне күмән жоқ, әрбір түп жусанның өзі сарғайған тарихтың сарыны сыңси жөнелетіндей. Ал тарихи ескерткіштерге, көрікті табиғи нысандарға бай, жер асты байлығы жер үсті сұлулығымен астасып «аспан астындағы мұражай» атанған, мәнерлі мәдениетінің мәйегі бөлек Маңғыстауда бұл әсер еселене түседі. Маңғыстаудың ойы мен қырына қатысты мағына-маңызы бөлек әңгімелер өріп жүр – жыл өткен сайын туған жер мен оны мекен еткен елге қатысты аңызға бергісіз дерек-дәлелдер азайып емес, суы мол құдық сынды арнасынан асып-төгіліп жатады. Бұл – Маңғыстаудың қасиеті, маңғаз түбекке жарасатын құбылыс.

Өлкенің көркем табиғаты, есіл ерлері туралы қызғылықты әңгімелердің желісі Долгий жақты да қағыс қалдырмайды.

Әдетте ұлтжандылыққа салып «қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Маңғыстаудың даласында, қалың қазақ арасында «Долгий» атауы неғып жүр? Бұл қалай, қашан пайда болған?» деген тынымсыз сұрақтардың сананы тіміскілейтіні жасырын емес. Уәж де әртүрлі. Сол өңірде өсетін шөп түрлері, орналасуы, топырағының түсі мен құнары, сай-сала, тау-тас, төбе мен мола, құдық саны, суының ащылығы мен тұщылығы, ұшқан құс, жүгірген аңы сынды ерекшеліктеріне қарап, әлдебір орын алған оқиғаларға орайластырып жер-қоныс, құдық атауларын беруде қате жібермеген бабаларымыз жыңғылы, тораңғысы, қамысы қалың өсіп, қасқыр-қарсағы жортып, киік пен қарақұйрығы қаптай жайылған жер жәннаты дерлік бұл өлкені әу баста Жыңғылды деп атаған екен. Алайда Жыңғыл-

дының маңдайына табиғаты да, атауы да, тіршілік-тынысы да өзгеру жазылыпты.

«Аралдың «Долгий» аталуы оны алғашқы қоныстанушыларға байланысты шыққан. Осыдан 250–300 жылдай бұрын бұл арал адам аяғы баспаған, жыңғыл мен тораңғылы ну орманды алқап болған. Теңіз төріндегі бұл арал құрлықтан бөлініп жатқан. Бозашы бетін жайлаған қазақ елі негізінен мал шаруашылығымен айналысып келген. Қол созым іргесіндегі бұл аралды игеруге онша құлықты болмаған. Арал жүздеген жылдар иесіз жатқан. Бірлі-жарым тұрғындар аралдың терістігі – Қаламқас, Бұрыншық жерінің жағалауынан қайықсыз балық аулаған.

Орыс балықшылары аралға ғайыптан тайып қоныстанғаннан кейін біздің ата-бабаларымыз кәсіп іздеп, аралға орналасқан келім-сектерге жалданып, балық аулай бастаған. Долгийге жақын жерде Ұзынарал, Өгіз-Бегіл құмдарын жайлаған біздің малшы аталарымыз өткен ғасырдың бас жағында біржолата Долгий аралына көшіп барып, сонда қоныстанып қалған. Кешегі кеңес үкіметі ұйымдастырған балықшы ұжымшарына мүшелікке кіріп, балықшылық кәсіппен айналысқан.

Атам заманнан бері Еділдің құяр сағасындағы Астрахань қаласы мен айналасындағы ел балық аулауды кәсіп еткені мәлім. Шаруашылығы дами келе кішігірім қайықпен балықты ашық теңіз төрінен аулауды дағдыға айналдырған. Соның бірі желкенді екі жас жігіт мінген кішкентай қайық болса керек. Бұл екі балықшыны теңізде көтерілген күшті дауыл Астрахань маңынан оңтүстік-шығысқа ықтырып әкетіп, қайықтың желкені жыртылып, пайдаға аспай қалыпты. Неше күн бойы теңіз айдынында ыққаны белгісіз. Қайық болса ығып отырып, қара жерге тұмсық тірепті. Екі жігіт жерге түсіп жағаға шығып қараса, жағасы аққайраң, таза топырақ екен. Әрі қарай жүрсе, жыңғыл, қамыс, тораңғы шыққан ну орман, бұрын адам аяғы баспаған жердің реті сияқтанады.

Осы екі жігіт жыңғылдан баспана жасап, қайықта қалған аумен балық аулап, күн көрісіне қамдана бастайды. Жел сол бағытынан аумай біраз күн тұрып алады. Ауға түскен балықтарды нәпақа қылып, әлденеді. Содан кейін жер жағдайымен таныса бастайды. Аралдың теңіз бетін жағалап жүріп, оның күншығысы да теңіз екенін

біледі. Ал солтүстік-батысы тым қашық болып көрінген соң, одан әрі қарай бармайды. Екі орыс жігіті өздері жеткен қара жердің алғашында арал екенін, әрине, білмейді де. Астраханьға қайтуға, біріншіден, желкені жыртық, оны жамау керек, екіншіден, жел қарсы.

Лаж жоқ, аңдысын аңдап, балық аулап, аң аулап күнін көріп аралда жата береді. Бұл екі орыс жігітінің есімдері, кейінгілердің айтуына салсақ, бірі Петр, былайғысы Алексей көрінеді. Олар, шамасы, күзгі дауылда ығып келген болуы керек. Тағдыр айдап келген екеуі аралда қыстап қалады. Өзге шара қайдан болсын? Жаз шығып, күн жылынғаннан кейін, желкендерін ілекерлеп жамап, кішкентай қайығымен батысқа қарай жүзіп отырады. Қайсыбірінде теңізде ау салып жүрген қайықты байқайды. Олармен жүздесіп танысады. Осылайша Астрахань балықшыларына кездеседі. Олар: «Біз сіздерді ендігі теңізде опат болған шығар деп ойлап, қайдан іздерімізді білмей жүр едік, қайда жүрдіңіздер? Сақал-мұрттарыңыздың өсуіне қарағанда, бір жерді қыстап шыққан сияқтысыңдар ғой», – дейді.

Сонда олар: «Қайда барғанымызды білмейміз, ұзақ жүзіп отырып, бір жағаға тірелдік», – деген екен. Содан бәрі бірігіп, жігіттердің тоқтаған жерін олардың айтулары бойынша таппақшы болып, оңтүстік-шығысқа бет түзейді. Себебі Петр мен Алексей ол жердің табиғаты мен суындағы балығын, тоғайлығындағы аң-құсын ертегідей қылып әңгімелеп, әбден шыдамын тауыстырған.

Қанша күн жүргені белгісіз, бұлар да сол Петр мен Алексей айтқан жердің ол жақ, бұл жағына келіп, Долгий аралында болады. Долгий деп отырған себебіміз, ығып келген екі жігіттің «долго-долго плыли» деп айтуы бойынша, соңғы келушілер аралды Долгий деп атапты», – деп жазады Маңғыстаудың көпті көрген көнекөз ақсақалдарының бірі Шынабай Ақкенжеев.

Екінші бір әңгіме желісінде теңізден балық аулауға кеткен балықшыларды екі көзі төрт болып күткен ауылдағылардың айдыңның алысына қарай-қарай көзі талған шақта сағым ойнағандай мұнарлана жыбырлап, толқынмен тербеле қарауыта жағаға бет алған балықшылардың сұлбасын алыстан көруімен байланыстырады. Қалай болғанда да, балығы тайдай тулаған көрікті аралдың байырғы Жыңғылды аты жұтылып, Долгий атанады.

Орайы келгенді оңтайлы пайдалана білетін орекендер кешікпей жұмақ та жұмбақ жерді картаға түсіріп, ескекті қайығын көк теңізге бойлата аттандырып, қақпақты терезесі, сәнді шатыры бар үйлері сап түзеген балықшылар қалашығын, алып қоңырауын асыңған шіркеуін, балық өнімдерін дайындайтын зауыты мен дүкенін, кеңсесін салып аралға жан бітіреді. Жыңғылды атауын «Долгийге» қиындықсыз ауыстыра салған қазекендер болса топ-тобымен келіп аралды игерген орыстарға балықшылық қызметке жалдана бастайды.

Қазақ-орысы аралас жалдамалы балықшылардың тұрмысы жеңіл болмағанын тарихи деректерден білеміз. Бұл туралы 1897 жылы Орал казак-орыс полкінің есаулы Д. Ливкиннің Ресейдің соғыс министрі генерал Куропаткинге баяндамасында да айтылады. Долгий аралы туралы: «Долгий аралы ұзындығы 5 шақырым, ені 1,5 шақырым, теңіз жағасы жайылма тайыз, балығы көп, балық аулауға өте қолайлы жер. Бір ыңғайлысы, кішкентай қайықтар мен байдаркаларды 3—4 адам ағаш таяумен жүргізіп, балық аулауға болады. Бұл жерде көбіне карагөз балықтар кездеседі. Күзде ақбалық, қорытпа, шоқыр балықтары ауланады. Каспий жағалауында ақ балық тек қана Долгийде кездеседі және ол көптеп аулануда. Ақбалықтың салмағы 7 фунттан 17 фунтқа дейін барады. Ақбалықтың көп аулануына байланысты, жағалықта ол азайып, Долгий балықшылары оны терең судан аулай бастаған. Ақбалықты қыс кезінде мұз үстінен ақан ау салып аулаған», – дей келе, Долгийде Ресейдің орталық губернияларынан және Астраханьнан келгендердің тұратынын, балық аулауға жалданған орыстар мен жергілікті қазақтарды кәсіпкерлер арзан күш ретінде пайдаланғанын ашып айтады. Сондай-ақ есаул Д. Ливкин өз баяндамасында «Кәсіпшілік иелерінің Маңғыстаудағы кәсіпті Астраханьнан басқарып отырғандығын, Долгийге сирек келетінін және жалдамалы балықшылардың тұрмыстық жағдайының өте ауыр екендігін, олардың Долгийден ешқайда кете алмай, бала-шағасын асырау үшін, киын да болса, балықшылықпен айналысуға мәжбүр екендігін» жеткізеді.

1929 жылы «Красный долгинец» ұжымшары құрылып, балықшылар жаңа серпінмен жұмыс істей бастайды. Бірақ бұл көк теңіз үстіндегі жұмыстың ауыртпалығын жеңілдетпейді. Көктемде

теңізге кеткен ер-әйелі аралас балықшылар үш айды араға салып жазда бір оралса, шілінгір шілдеде аттанғандар қарашаның қара суығында ауылға жететін. Ал ақырған ақпан айында мұз үстінде итбалық аулауға кірісетін.

Тірлігі мен тұрмысында қиындығы мен қызығы қатар жүрген Долгий қалашығындағы теңіз толқынымен алысқан арыстар арасында Бозащы түбегінің Каспий теңізі жағалауын мекендеп, балық аулаумен айналысқан Жарының Бектеміс ауылы ұрпақтары да жүрді. Халық арасында «Жары көп пе, тары көп пе?» немесе «Жарының түйе қарағаны үй толтырады» деген тіркестерге негіз болған сегіз арыс Жары ауылының жуан тақталарының бірі – Бектеміс. Басқаны айтпағанда, соңында кеңестік құрсаудан дәстүрлі діні мен қазақы жолынан көз жаза жаздап әзер шыққан ел-жұртының қажетіне жарайтын, халқының рухани нәрін бойына қайта сіңіріп, нағыз рухани түлеуге бастайтын, санаға серпіліс, ойға жаңғыру беретін «Иманшарт», «Өсиетнама», оқушысын ілім бұлағының тереңіне жетелеп, тақуалық деп аталатын ұлы қасиеттің қайнарына қанықтыратын тазалықтан бастап ғибадатымыз, нәпақа және қанағат, мінез-құлық, ахлақ, ықылас пен ниет, қарыз бен садақа, өшпенділік пен кек, насихат пен уағыз, өлімді еске алу, ақиретке дайындық сияқты сан салалы тақырыптарды қамтыған «Ілімнің бұлағы – тақуалық қайнары» қолжазбалары қалған Төлегенұлы Ержан хазірет сынды діндар шыққан, жұттан соң ашыққан бір рулы елді киік аулап асыраймын деп опат болған Қаламқас ару шыққан текті ауылдың туын кеуделі азаматтары қашанда аласартқан жоқ.

Бүгінде Бозащы бойындағы аты әйгілі «Қаламқас» кен орны Бектеміс ауылының батыр да мейірбан қызының құрметіне орай осылай аталғаны көпке аян. Елдің ер-азаматтары жұттан соң жүдеген елдің қамы үшін Бесқалаға сапар шеккенде ауылды асыраймын деп аранға құлап, оқыста қаза тапқан Қаламқас арудың есімі білдей кен орнына берілуі батыр қызға көрсетілген лайықты құрмет болды. Қаламқас кен орнынан шыққан қара алтын да елдің ырыс-несібесін арттырып, молшылық қазанын тоқтаусыз қайнатып келеді.

Ұлы түгіл қызы тектілік даңғылынан айнымаған Бектеміс ауылының перзенті Долгийде көк теңізден күн-түн демей балық аулап,

ерен еңбектің үлгісін көрсеткен теңіз тарландарының бірі Ниязбердіұлы Балшақбай болатын. «Жеті атасын білген ер жеті рудың қамын жер» дегендей, Бектемістен Қамай, одан Байжігіт, одан Аткелтір, одан Ниязберді туады. Осы Ниязбердінің Балшақбай, Күшікбай, Аралбай атты үш баласының үлкені, ескіше сауатты, Құран жаттап, хат таныған, орысша тіл білген, етік тігіп, ағаштан түйін түйген шебер Балшақбай балық кәсіпшілігінде орыстарға аудармашы қызметін атқарған.

Негізі, «Бектеміс – нар мая сауған теп-тегіс» дегендей, Балшақбай әулетінің жағдайы балықтың қылтанын талдай отырып тазалап жеп, теңіз түбіне телміретіндей тақ-тұқ емес. Құдайға шүкір, жыл сайын желіден сауын, қорадан азын-аулақ болса да, ұсақ мал үзіліп көрген жоқ. Әйтсе де өсіп келе жатқан үйелмелі-сүйелмелі балашағаның қамы, ертеңі үшін қолда барға қанағат етіп отыра бермей, еңбектену – парыз. Оның үстіне үй ішілік шаруаға алаңдайтын Бәкең емес, зайыбы Балғара – ер мінезді, қайратты, жосынды адам. Отбасы, ошақ қасы тұрмақ, ауыл-аймаққа беделі басым, ақ жаулығын сыйлата алған әйел. Ата дәстүр, сыйластық жолын жақсы түсініп, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ырым-тыйым, жөн-жоралғыны қылаусыз ұстанатын кезде көрші-көлем, айнала жұрт Балғара анаға Қосай ата ұрпағы деп айрықша құрметпен қарайтын. Расында, Балғараның өзі де құр адам емес еді – басы ауырып, балтыры сыздағандар «қалпе» деп арнайы іздеп келіп, қаралып кетіп жататын, оның үстіне суырып салма өнері бар, аяқ астынан өлең жолдарын шұбырта отырып, ән шырқай жөнелетін арқасы тағы бар.

Қай кезде де жағдайы бар адам бала-шағасын оқытып, қамқорлай алады ғой, Балшақбай да өзінен өнген төрт ұлы – Бөлекбай, Өмірбай, Сарқұл, Ботағараны молдаға оқуға беріп, ескіше хат танытты. Қатарынан кем болмай желкілдеп өскен жігіттер әкесіне еріп теңізге бет алып, ата кәсіптері – балықшылыққа жұмысқа кірісті. Жазда ақжал толқынмен алысқан, қыста салмақпен ойылып, су бетінде жылжыған мұздар аралығына аттары жан дәрменмен секіргенде шана үстінде итбалық аулап мұздыаяқ болған небір күндерді бастан кешірді. Айдынның алысына айлап кетіп, азын-аулақ кепкен балықтарын арқалап елге оралған олардың еңбегін, қайратын «теңіздің суы тобығынан келмеген ерлер еді» деп бағалауға болады.

Түр-тұлғасы келісті төрт ұл ержетіп, отбасын құрып, әулеттің керегесін кеңейте түсті. Бұрын үй шаруасын ұршықша иіріп, елді емдеумен айналысқан Балғара шешей енді төрт келіннің «командирі» атанып шыға келді. Төрт қанат үйде төрт бала-келін, Балшақбай мен Балғараны қосқанда бес бірдей отбасы тату-тәтті тұрып жатты. Төрт құбыласы теңелгендей Бәкеңнің қуанышында шек жоқ. Ал Балғара шешей үйішілік тәртіпті қатайтып, келіндердің «тәртібін» қадағалауды өз құзырына қалдырды. Айы-күні жетіп босанған келіндері киіз үй ішінде бір құман суға жуынып алып, алыстан бір арқа отынды арқалап келіп, түндікті ашып жіберіп, от жағып, ас-су әзірлеуге кірісіп кететін. Одан кем болған бірі жоқ!

Бір жақсысы, 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс ойраны басталғанда, балықшылар теңіз дивизионы ретінде броньмен елде қалды. «Бір шабақ ауласаң – бір немісті өлтіргенің» деген ұғымұранды ұстаным еткен бұл бронь Балшақбайдың ұлдарының да майданға жіберілмеуіне себеп болды. Соғысқа аттанғалы тұрған жерінен Ботағара, броньның пайдасы тиіп, елде қалды. Тек Бәкең қарттың үлкен немересі, Бөлекбайдың ұлы Әмірхан ғана 1941 жылы 20 жасында қан майданға аттанды. Тағдыры шығар, жау қолына тұтқынға түскенмен, татар дәмі таусылмаған ол қапастан құтылып шығып, аман-есен елге оралды. Бірақ өмірі ұзақ болған жоқ – 1948 жылы Жармыш ауылындағы «Чапаев» ұжымшарында жылқы бағып жүріп, тұманды күні таудан ұшып опат болды. Жылқы бағып демекші, Балғара ананың қалауымен баласы Бөлекбай отбасымен балықшылықты тастап, мал бағуға бет бұрған болатын. Балғара «Красный долгинец» ұжымшарының басшысы Көшімқұлов Шораға барып:

– Шора, менің төрт баламның төртеуі де балықшы болуға айналды. Біреуінің қара жердің үстінде, кең даланың төсінде мал бағып жүргенін қалаймын. Осыған мүмкіндік бер, – деген болатын.

– Айтқаныңыз болсын, апа! Шүкір, балықшы болуға ынталы жастар аз емес. Өзіңіз білесіз, біздің шаруашылық меншігінде 20–30 қайығы бар, екі-үш звеномен жұмыс жасайтын үлкен ұжымға айналды. Мал шаруашылығында жүрсе де, балық шаруашылығы саласында еңбек етсе де, ортақ Отанымыздың несібесі үшін атқаратын еңбек қой, сондықтан қарсылық жоқ, – деген Шора бастық та елге сыйлы ананың сөзін аяқасты еткен жоқ.

Осылайша Бөлекбай бала-шағасымен құрық ұстап, желмен жарысқан тұлпар мінген, қылаңы мен торысы, жирені мен шабдары, құласы мен қасқасы аралас үйір-үйір жылқыны кең дала төсінде жусатқан жылқышы болып шыға келген. Балшақбайдың өзге балалары: Сарқұл, Өмірбай, Ботағара Долгийде балықшылар сапында белсенді еңбек етті.

Балғара шешесіне тартқан болуы керек, Сарқұл мен Ботағара өнерге бейім болды. Қолы бос уақытында бұрынғылардан қалған насихат сөздерді, жыр-термелерді төкпелеп, Қайыптың әндерін, Есенғали Бөкенбаевтың «Тоғыз қайығын» айтуға құштар Ботағара жас кезінде ауыл-аймаққа түскен келіндердің бетін ашқан, ал Сарқұлдың ақындықпен аты шықты. Жеңелері Сарқұлдың атын тергеп «жыршы қайным» деп отырады екен. Әсіресе, ауылы аралас, қойы қоралас Қосай ауылымен нағашылы-жиендігі бар Сарқұл өзінің ақындық қуатын, қабілет-талантын Қосайлармен әзілдесуге көбірек жұмсайды екен. Қосайлар сәл нәрсені өлеңге іліп алып әжуалап, әбден зықыларын шығарған Сарқұлдың үстінен сол кездері есіміне дүйім ел қанық ақын Қашаған көкесіне арыз айтады. Даңқы қазақ даласы мен түрікмен даласына қатар жайылған, екпіні дүлей, білімі дария, сөзі сұңғыла ақын Қашекең бір келгенінде Сарқұл жие-нін іздеп: «Қап, Сарқұл деген жүгірмекті шақырыңызшы мұнда!» – деп әзілдесе керек. Сарқұлдың Қашекеңмен кездесуге сәті түспейді.

Жарастығы артып, берекесі ортаймаған тату-тәтті әулетте Ботағара мен Сұлуханның шаңырағында 1945 жылы ұл бала өмірге келді. Келін болып Бектеміс ауылының табалдырығынан аттаған соң сегіз жылдай бала көтере алмай жүріп, 1942 жылы Жонас атты қыз балалы болған Сұлуханның әулетке ұл сыйлауы үлкен қуаныш болды. Қашаннан Қосай ауылымен қоныстас болып, қыз алып, қыз беріскен Бектеміс ауылының үлкендері ақылдаса келе перзентке «Атағозы» деген есімді еншіледі. Бұл Қосайдың Байбол тақтасынан шыққан белгілі батыр, әйгілі шешен, би, тарихта аты қалған айтулы тұлға болатын. Ұлды болып Бектемістер мәз, құрлықта қоныстас, теңізде жұмыстас Бектемістердің аталарының атын ардақтап торсықтай ұлдың есімін ата құрметіне атағанына Қосайлар мәз. Бұл соғыс бітіп елдің онсыз да мәз-мейрам кезі еді, Атағозының өмірге келуі қуанышты үстей түсті.

Қайығы мен қармағын құт санаған балықшылар ауылында соғыстан кейінгі мамыражай шақ. Тұрмыста жыртық иін жетіспеушілік байқалса да, соғыс деген сұрқияның аяқталуы ең басты бақыт еді. Тек ел ішіндегі сұрапылдан азаматтары оралмаған отбасылардың қайғы-мұңы, кешегі ақ жаулығы қарқарадай аналардың шөкімдей болып шөге түсуі, жетім қалған перзенттердің жәутені мен жесір қалған жас әйелдердің қабағындағы кірбің ешкімнің жылы сөзі жұбата алмайтын, ешкімнің қол қайыры көмектесе алмайтын дерт еді! Бірі жетіп, бірі жетпейтін, жүдеулеу шақта Атағозы да аяғын апыл-тапыл басып жүріп, өзі қатарлы балалармен ойнап, ес біліп жетіле бастады. Араға жылдар салып шаңырақта Сәлем мен Нұржау атты інілері өмірге келді.

Атағозы жасы 5-ке толған соң ауыл балаларымен бірге Форттағы атақты «Көк мектептің» оқушысы атанды.

«Көк мектеп» демекші. Бұл мектеп Маңғыстау өңіріндегі алғашқы деуге боларлық және ең беделді оқу ордасы болатын. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде қазақ балалары үшін арнайы мектеп-медреселері бар Маңғыстау өңірінде патшалық Ресейден теңіз сағалап келгендердің балаларына орыс тілінде білім алу қиынға соқты. Форт-Александровскіде 1868 жылы екі жылдық бір кластық уездік училищенің ашылуы осы өлкедегі армяндар мен өзбектердің, татарлар мен орыстардың балалары үшін тың жаңалық болды. Алайда бала санының артуы, қазақ балаларының жаңаша оқуға бет бұруы өңірде оқу-ағарту ісін күн тәртібіне қойды. Бірнеше жылдарға созылған іздену, құзырлы орындардан сұрау, ұйымдастыру нәтижесінде ерекше үлгіде екі кластық Александровск училищесінің ғимараты салынды. Бұл, бір жағынан, Маңғыстаудың байлығына, географиялық орналасуына, сауда-саттыққа қолайлылығына құмартып, сондай-ақ су бетіне қалқыған «майлы шелпек» – мұнайдың иісін сезген патша үкіметінің мектеп салуға кет әрі болмауының нәтижесі еді.

Жаңа үлгіде салынып, шарбағы мен терезе жақтаулары көк сырмен боялып, шатырының көк түсті қаңылтырдан болуы себепті, ел арасында «Көк мектеп» аталған мектеп талай қазақ баласының құтты білім шаңырағы болды. Мектепте кейін ел өміріндегі маңызды саяси-әлеуметтік оқиғалардың бел ортасында жүрген көр-

некті халық перзенттері – бүгінгі ұрпақ есімдерін қайраткер тұлғалар ретінде құрметпен атайтын небір жалынды да жігерлі түлектер білім алды. Адай уездік ревкомының төрағасы, Қазақ АКСР ОАК төрағасы, Гурьев округі атқару комитетінің төрағасы, қоғам және мемлекет қайраткері Жалау Мыңбаев, ихтиолог-ғалым, кефаль балығын Каспий теңізіне әкеліп алғаш жерсіндірген Зұлқаш Баймырзаев, медицина ғылымының докторы Естөре Оразақов, қазақ атты әскер бөлімдерін ұйымдастырушылардың бірі, полковник, әскери комиссар Төлесін Әлиев, белгілі партия, кеңес қайраткері, әзірбайжан, түрікмен, орыс, неміс, татар, француз тілдерін еркін меңгерген аудармашы-тілмаш, уездік милиция бастығы Нұрсұлтан Оңғалбаев, партия, кеңес қызметкері, саяси қуғын-сүргін құрбаны Сәду Оңғалбаев, қазақ боксының атасы Шоқыр Бөлтекұлы сынды жүздеген елге еңбегі сіңген ерлер білім алып шықса, 1938 жылы 17 жасында ғалым, қоғам қайраткері, заң ғылымдарының докторы, академик, профессор Салық Зиманов Гурьевтен жолдамамен келген жас маман ретінде алғашқы еңбек жолын математика-физика пәндерінің мұғалімі болып «Көк мектептен» бастаған болатын.

Болашағы бедерлі болар Атағозыға осы арыстандай алдыңғы буын ағалары оқыған мектепте білім алу бақыты бұйырды. Мектепте пысық, алғыр оқушы болған ол жастайынан ұстаздарының көзіне түсіп, болашағынан үлкен үміт күттірген шәкірттердің бірі болды, спорт секциясына қатысып күрестің әдіс-тәсілін, қыр-сырын меңгерді. Атағозы әсіресе Форттағы тресте қызмет жасайтын Нұрлыхан Бекбосынов жетекшілік еткен күрес секциясына қатысып, күрес әліппесін үйренді. Өзі ән-жырға әуес, халық ауыз әдебиеті үлгілеріне қанық Атағозының оқушы кезінде әдебиетке аса қызығушылығы болмағанмен, есесіне математика, физика сынды техникалық бағыттағы пәндерді меңгеруге күш салып, қызыға оқиды. Алайда мектеп бітіру емтиханында әдебиеттен еркін тақырыпқа шығарма жазып, мемлекеттік емтиханнан үздік баға алыпты. Атағозының Э.Л. Войничтің «Бөгелек» («Овод») романы бойынша жазған шығармасы мұғалімдер тарапынан жоғары бағаға ие болады. Осылайша әдебиетке қанында бар туа бітті қабілет соңына түсіп тереңдеп оқымаса да, қиын жағдайдан алып шығып, өзі қатарлас балалар додасынан оқ бойы озық шығуына себін тигізеді.